

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1297 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 шілдедегі N 636 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № 448 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.05.2013 N 448 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1297 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 44, 441-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысын бөлу нормативтерін белгілеу, келісу және бекіту ережесінде:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік басқару органдары Бюджетке аударымдар нормативтерінің жобаларымен сонымен бір мезгілде Министрлікке (жергілікті қаржы органдарына):

1) жоспарлы жылдың таза табысының нақты бөлігін өндірісті дамытуға пайдалану қажеттілігінің экономикалық негіздемесін;

2) қоса беріліп отырған нысан бойынша есепті жылғы тиісті бюджетке Кәсіпорындар аударған таза табыстың мөлшері мен сомасы туралы деректерді және алдағы үш жылдық кезеңге арналған таза табыстың мөлшері туралы деректерді табыс етеді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі